

Ата-аналарға арналған сауалнама

"Сіз жақсы ата-анасыз ба»

Бұл тесттің сұрақтарына "Иә", "Жоқ", "Білмеймін" деп жауап беру керек

1. Баланың кейбір әрекеттеріне сіз жиі "шексіз ашуға" беріліп қабылдайсыз, содан кейін өкінесіз.
2. Кейде сіз балаңыздың іс – әрекетін қалай қабылдарыңызды білмеген сәттерде достарыңыздың ақыл - кеңесіне жүгінесіз.
3. Сіздің түйсігіңіз бен тәжірибеңіз – бала тәрбиесіндегі ең жақсы кеңесшілер.
4. Кейде сіз ешкімге айтпайтын құпия сырыңызды өз балаңызбен бөлісесіз.
5. Сіздің балаңыз туралы өзгелердің теріс пікірі сізді ренжітеді.
6. Өз қателіктеріңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайтын сәттеріңіз бола ма?
7. Сіз баланың ата-анасынан жасырған құпия сыры болмауы керек деп ойлайсыз.
8. Сіз өзіңіздің мінезіңіз бен баланың мінезінің арасындағы айырмашылықтарды байқайсыз, кейде сізді ол таң қалдырады.
9. Сіз балаңыздың қиындықтарын немесе сәтсіздіктерін тым ауыр қабылдайсыз.
10. Қаражатыңыз жектілікті бола тұра балаңыз қызыққан затты сатып алудан бас тартатын кездеріңіз бола ма, әсіресе ол заттар балаңызда бар болса.
11. Баланы белгілі бір жасқа жеткенше ұрып-соғып (белбеумен) тәрбиелеу дұрыс деп санайсыз ба?
12. Сіздің балаңыз өзіңіз армандағандай болып өсті ме?
13. Сіздің балаңыз сізге қуаныштан гөрі көп қиындық тудырады.
14. Кейде бала сізге жаңаша ойлар мен дұрыс қадамдарды үйрететін сияқты.
15. Сізде өз балаңызбен келіспеушілік бар.